Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Аягүл» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Хаттама№2

Өткізілген күні: 28.10.2026ж

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Сатылғанова Арайлым Бегімжанқызы
Хатшы: Елемесова Қаламқас Айдарханқызы
Қатысқандар: Бақша меңгерушісі м.у.а, педагог-психолог, қамқоршылық кеңесінің мүшелері, медбике.
Қатыспағандар:жоқ

Күн тәртібінде:

1.Баракераждық комиссиямен бірлескен түрде бақша асханасының тағамдарының сапасын тексеру.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері медбике А.Жұмамұратовамен бірге бақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азық-түліктің сақталуын бақылады. Асханадағы ас дайындайтын аймақтарымен, әдіс-тәсіліментанысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді.Бақшаның күзгі, қысқы 10 күндік ас-мәзірінің калькуляциямен танысты.

Тыңдалды: А.Жұмамұратова ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Сонымен қатар жалпы аурулардың алдын алу шаралар атап айтқанда , дәрумендітерапия С дәрумені кальциймен көктем-күз айларында берілсе, қыс мезгілінде желтоқсан айынан бастап тұмаудың алдын алу үшін күнделікті берілетін, мұрынға оксолин майының жағылатының айтып түсіндірді. Ата-аналар үшін жадынамалар топтар ата-аналар бұрышында ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізіліп отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді.

Шалтаева Арайлым Ахметбекқызы бақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктін дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды.Бақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын деді.

Бералиева Жанерке Сейтмұратқызы жалпы бақшада тамақануын ұымдастыру және науқастанудың алдын алу бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінің , бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып , төмендегідей шешім қабылдады.

1. Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде бақша асханасының тағамдарын , сапасын тексеру.
2. Алдын алу жұмыстарын жүргізу арқылы әр түрлі жагдайлар сақталсын.
3. Қамқоршылық кеңесінің отырысының хаттамасы бақша сайытына орналастырылсын.

Бақша меңгерушісі м.у.а: **С.Бортешева**
Хатшы: **Қ.Елемесова**







